

ЯСИЫН ҚҰМАРҰЛЫ

ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ  
«ҚАП» ТҮБІРЛЕРІ

*В статье автор рассматривает связи древнетюркского и китайского языков. Научно доказывает, что основа слова "қап" и в китайском языке является заимствованным из тюркского языка.*

*Yazar eski türk dili ve çin dilinin ilişkisine değinmektedir. Çin dilindeki "Hap" kökünün türk diline nasıl geçtiğini ilmi olarak ispatlamıştır.*

Түркі тілділер мен қытай тілділердің мындаған жыддық көршілестік және араластықты бастан кешкендігі тарихтан азын-аулақ хабары бар адамдардың барлығына белгілі жай. Қытайдың ең көне тарихи жазба дерегі сүйек жазуларында да түркі тілділердің арғы аталары танылып жүрген ұлыстар туралы деректер молынан жолығады. Бұл қиыр шығыс жерінде жазба тарих пайда болғаннан кейінгі жағыдай. Осы дәуірлерде қиыр шығыстағы Хуанхы (Сарөзен) алабында түркі тілділер де көп болған. Олар Қытайдың Шия (б.з.б.21ғ – б.з.б.16ғ), Шиян (б.з.б.16ғ – б.з.б.1066ж) патшалықтарымен бірде соғысып, бірде ымыраласып отырған<sup>\*\*</sup>. Ал тарихта бұрын не болғаны қазірге анық емес. Алайда мәдениет тарихынан қарағанда бұл араластықтың сілемі одан да ары мындаған жылдарға созылатындығы байқалады<sup>\*\*\*</sup>. Тарихи жағрапиялық жақтан, мәдениет жақтан, этникалық жақтан соншама ұзақ жылдар араласқан осы халықтардың тілінде араластық болмас па? Әрине бұл да ғалымдар ұзақ жылдар бойына бас қатырып келе жатқан тақырыптардың бірі. Түркі тілдері терістіктегі алтай тілдер тобына, Қытай тілі оңтүстіктегі қытай-тибет тілдер тобына жататын ірі тілдер. Солайда қытай тілінің төркіні туралы талас-тартысты көзқарастар әліге дейін түбегейлі толасын тапқаны жоқ. Кей ғалымдар қытай тілінің ең негізгі лексикалық қорында түркі сөздері молынан камтылған деп қарайды [1]. Жапониялық Хашимато бастаған ғалымдар қиыр шығыстағы өзен-су аттарындағы Чаңжиян өзенінің терістігіндегі өзендердің қытай тіліндегі жер аттарында «хы» (河): арғы ерте заманғы айтылымы –гал), Чаңжиян өзенінің оңтүстігіндегі өзендердің қытай тіліндегі жер аттарында «жиян» (江.: арғы ерте заманғы айтылымы – күн) деп айтылуына қарай, қытайша «гал» монғұл тіліндегі өзенді білдіретін «гол» дан (түркі тілдерінде көлемді жийналған су – көл),

\*Сүйек жазуы қытайдың ең байырғы жазуы (б.з.б.14ғ – б.з.б.11ғ). Ол балдық жауырын сүйектер мен тасбақа сауыттарына ойылып жазылған балдық сөздерден құралған.онда түркі көшпенділерінің арғы аталары саналатын байырғы ұлыстар туралы қыруар деректер камтылған.

\*\*Сүйек жазуларында бұл туралы деректер мол.

\*\*\*Терістік көшпенділері мен ортақ жазық тұрғындарының мәдениет байланысын дәлелдейтін археологиялық деректер жеткілікті

«күн» тибет тілдеріндегі өзенді білдіретін «клүн»-нан келген деп дәлелдейді.

Осы негізде тым арғы замандарда Хуанхы өзені алабын алтай тілді халықтар, Чаңжияң өзені алабын тибет-бирма тілділер мекендеген деп тұжырымдайды [2]. Бұл жалпы құптауға не бола алмаса да, көптеген ғалымдардың еңбектерінде қытай тілі алтай тілдері мен тибет-бирма тілдерінің тоғысуынан қалыптасқан болуы мүмкін деген көзқарастың туылуына мұрындық болды. Осындай көзқарас ұстанған ғалымдардың бірі Жоу шие юан доктор: «Хуа шия ұлтының (хуа шия ұлты – қытай ұлты) көптеген тілдік информацияларын евразия даласынан іздеуге тура келеді, міне бұл терістік тиек (北狄), «батыс ном (西戎) және түркілердің тілдік құрамдарының қытай тілінде салмақты орын иелеуінің себебі» деп жазады [1]. Сонымен сайып келгенде қытай тілінде түркі тілінің деталдары молынан қамтылғандығы жалтаруға болмайтын дәлелге айналған.

Осы көзқарасқа сай арғы заманғы түркі тілі мен қытай тілінің байланысын мынадай бірнеше кезеңге бөлуге болатын сияқты:

Біріншіден, қытай тілі қалыптасу барысында түркі тілдерін өзінің негізгі лексикалық қайнарлардың бірі еткен. Қазіргі қытай тіліндегі көптеген түбірлер түркі тілінен келген. бұл осы екі тілдегі жер, су, топырақ, жапырақ, үй, саусақ, тыңда, көр, жүр, кел, кет, жүз, сой, үйрен сияқты ең байырғы жүздеген түбір сөздерде байқалады [3].

Екіншіден, Шаң дәуірінің (б.з.б.16ғ – б.з.б.1066.ж) алды-артындағы мәдениет алмасудың туындысы ретіндегі қытай тіліне түркі тілдері арқылы барған бидай, арба, түмен сияқты атаулар.

Үшінші, Чин-Хан патшалықтары тұсындағы (б.з.б.221ж – б.з.220ж) ер (ертоқым), сангүн, түйе сияқты атаулар.

Төртінші, Таң патшалығы дәуіріндегі қытай тіліне енген түркі сөздері. Бесінші, Шыңғысхан заманындағы түркі-монғұл тілдері арқылы қытай тіліне енген түркі сөздері т.б.

Бұлардың ішіндегі соңғы арба, бидай, ер сияқты бірнеше мәдениет атауларының дәлелі жеткілікті, ал ең байырғы жер, су, жапырақ, топырақ, көр, тыңда сияқты көптеген байырғы түбірлер әредік ортаға қойылғанымен жалпылық ортақ таным қалыптастырған жоқ. Біздің бұл мақаламыз бұларды бірден тектеу емес, қайта түркі – қытай тілдеріне ортақ байырғы түркі түбірі «қап» туралы талдау жасауды көздейді. Әрине бұл баба қытай тілі терістіктегі алтай тілдері мен оңтүстіктегі тибет-бирма тілдерінің тоғысуынан қалыптасқан болуы мүмкін деген көзқарасқа дем береді.

«Қап» - түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ, сөз туындатқыш ең байырғы көне көз түбір сөз. «Түрік тілдері сөздігінде», «қап» – қап, ыдыс-аяқ, қалып, ұқсас т.б. түрлерде жолығады. «Қап» бүгін де қазақ, өзбек, ұйғұр, қырғыз т.б. тілдерде «қап» аталса, түрікше «қап», сары ұйғұрша «гап», саларша «хап» түрінде жолығады.

«Қап» сөзі түркі тілдерінде ұқсастық танытып ғана қалмастан, басқа

тілдерде де өзара жақындық танытады. Араб тілінде «қап»: табак. тәленке, құты, сандықша, рамка; «خف» (хыф) – бір нәрсені қоршау деген мағынада. Парсы тілінде «гап» – тостаған, лонқа, ыдыс; «قف» (гаф) – қоршаған тау; Ағылшын тілінде «cabin» (кабин) – кішкене үй, күрке; «cab» (каб) – пойездің жүргізуші отыратын бөлмесі; «gab» (гап) – тау шатқалы, қысан; «сар» (кап) – бір түрлі бас киім.

«Қап» түбіріндегі бұндай көп тілге ортақтық ерекшелік бұрында ғалымдардың назарын аударған жай. Өкінішке орай «қап»-тың дыбыстық және мағыналық жақтан көп тілге ортақтық осындай қасиеті қытай тілінде адамдардың назарын аудармады. Осы туралы азын-аулақ сөз ашқан қытай маманы Уан юаншін мырза: «қап» түркі тілдеріне қытай тілінен келген – деп жеңіл - желпі қорытынды айтады [4]. Бәлкім Уан юаншін мырза «қап» сөзінің кейінгі ыдыс – аияққа қаратылған мәдениеттік мағынасын ғана көздеп, оның одан да арғы төркіндік мағынасына үңілмеген сияқты. Шындығына келгенде, бұндай ортақтық түркі тілдері мен қытай тілінің аралығында тіпті де көрнекті екендігі аңғарылады. Төменде алдымен осы ғажайып ортақтықтан жанды мысалдарды көлденең тартайық:

Ескерту: кестедегі **каз** – қазақ, **түр** – түрік, **үйг** – ұйғұр, **қыр** – қырғыз, **сібе** – сібе, **мон** – моңғұл тілі дегендерді білдіреді.

Қытай иероглифі	Қытай тілінің арғы ерте заманғы тіліндегі дыбысталуы	Қытай тілінің қазіргі Гуанжоу гобыры	Кестедегі қытай иероглифтерінің білдіретін мағыналары	Қытай иероглифтерінің білдіретін мағыналарына сәйкес дыбыстық және мазмұндық жағынан жақын түркі сөздері
𠂇	кар (габ)	габ	1. кей жануардың денесінің тысында болатын сауыт, 2. өсімдік бүршіктеген кездегі қауашақ қауызы. 3. қол- аяқтағы тырнақ, мүйізгек. 4. адамның немесе заттың сыртын орап, қымтап тұрған жамылғы. 5. “册” мен ұқсас. 6. “夹” мен ұқсас. 7. “狎” мен ұқсас.	кап (каз), кабык (каз), кабыршақ (каз), қауыз (каз), кебек (каз).
𠂈	ұар (габ)	хаб	1. зат салатын шағын төртбұрыш қорап. 2. ағаш табыт (ғрәб). 3. “柙” мен ұқсас.	кобди (каз), кобо (сібе: табыт), кебін (каз)
	ұар (габ)		“柙” жануардың денесінің тысында болатын сауыт.	капас (каз)

岬	кар (габ)		1. тау қапталы. 2. екі таудың аралығы.	қаптал (каз), қобы (каз), қапұз (түр: екі таудың аралығы, сай, жылға)
柙	ұар (габ)	хаб	қапас(хануанат немесе адам қамайтын .)	қапас(каз)
胛	к'ар (каб)		Жауырын	жауырын(каз)
闸	кар (габ)		Жабу, бекіту	қапамак (түр: жабу бекіту), жапмак (үйг: жабу бекіту), жабу (каз)
狎	кар (габ)		Шапанның алдыңғы өңірі , шолак шапан	шапан(каз), қаптама(каз)
砮	кар (габ)		1. қаптал(таудың). 2. қысаң, шатқал	қаптал (каз), қапұз(түр: екі таудың аралығы, сай, жылға), шатқал(каз), шат(каз)
盍	ар (габ)	хаб	1. қаптау, бүркеу, жабу, қымтау, көмкеру. 2. қосылу, жиналу, топталу	қапламак(түр: қаптау), жабу(каз), қаптау(каз)
蓋	к'ар (каб)		1. заттың үстін бүркеп, жауып тұратын нәрсе, 2. жануардың денесінің тысындағы сауыт. 3. күндік (зонтик) 4. қаптау, қымтау, бүркеу (үстінен астына қарай). 5. асып түсу, басу. 6. үй құрылысы	қаппак (каз), қаппак (үйг: қаппак), жапқыш (каз), қаптау (каз)
榼	к'ар (каб)	хаб	1. ертедегі арақ құятын ыдыс. 2. қорап сияқты ыдыстар айтылады	күбі(каз), қын(каз), қап(каз) кебеже (каз)
𦉳	кар (габ)		1. күрменің бір түрі. 2. әйелдер киетін ұзын қаптал шапан	қаптал шапан (каз), қаптама (каз)
𦉴	к'ар (каб)		1. берік, 2. темір құрал	қап(каз)
鞞	кар (каб)		1. бұрынғы замандағы бір түрлі етік. 2. аяқ киімнің өкшесі	кебіс(каз), қаптама(каз).
闑	ұар (габ)	хаб	1. есіктің қаппағы, есік қанаты. 2. жабу, бекіту. 3. “合” мен ұқсас. 4. “盍” мен ұқсас	Қапі (түр: есік, қаппа), қаппа (каз), қаппа (көне түр: есік, қаппа), қапламак (түр: жабу, бекіту), жабу (каз)
夾	к р (габ)	каб	1. қысу, қосу, жабу. 2. жақындау. 3. оң-солы. 4. қысқыш, шүмшуыр	Хавчих (мон: қысу), қап+сібуі (сібе: қысу), қапсыру (каз), қабысу (каз) қауышу (каз)
挟	үі р (ғияб)		1. қолтыққа қысу. 2. қыспаққа алу, қолқа салу. 3. жанынан қысу, 4. қысып ұстау (қолмен). 5. қысып алу. 6. “挟” мен ұқсас	Хавчих (мон: қысыу), қап+сібуі (сібе: қысу), қапсыру (каз)
峽	ұэр (ғыб)		1. тар, қыспақ. 2. іші тар, 3. “狎” мен ұқсас.	Қапұз (түр: екі таудың аралығы, сай, жылға), қапшағай(қыр: қысаң, шатқад, сай), шат (каз), қафіркүн(сібе: қысаң, тар), хав+цал(мон: қысаң, шатқал)
庚	ұэр (ғыб)		қабырға; 塙。	қабырға(каз), қамал(каз)
垓	к р (габ)		1. қабақ (арықтың, судың). 2. қысаң	Қабақ (каз), қаптал(каз), қапұз (түр: екі таудың аралығы, сай, жылға), қапшағай (қыр, қысаң, шатқад, сай), шат (каз),

Құмарұлы Я. Түркі және қытай тілдеріндегі...

洪	ұр (ғыб)		1. басу, жайылу(су т.б.). 2. төңірек. 3. қаптау, жайылу	Қапта (каз)
篋	кәр (гыб)		Сакпы, шөкіш	түркі тілінде де «қап»тан басталатын қысуға қатысты сөздер бар:қапқан, қапсыру т.б.
挾	кі р (гняб)		1.кітап қысқыш,қорап. 2. Сакпы,шөкіш	қобди(каз), қап(каз)
袂	кәр (гыб)		“袂”мен ұқсас	Қаптал шапан, қаптама, кебіс, калпақ, кептакия, көбе(каз)
峽			1. “峽”мен ұқсас. 2.қысыу, сығу	Қапүз (түр: екі таудың аралығы, сай, жылға), қапшағай (қыр, қысан, шатқад, сай), шат (каз), қапіркүн (сібе: қысан, тар), хав+цал (моң: қысан, шатқал)
铁	кі р (гняб)	каб	1.темір қысқыш, шкмшуыр, 2.кылыш сабы, 3.кылыштың дүзінін екі жағы, 4. “夹”мен ұқсас	Қақпан (каз), қапқан (үйғ:қақпан), қабырға (каз), қабтал (каз)
頰	кі р (гняб)	каб	Беттің көзден төменгі екі жағы	Қабырға (каз), қабтал (каз)
篋	кі р (гняб)	хаб	Қобди, қобди сияқты ыдыс	Қобди (каз), қап (каз)
鞅	к р (габ)		1.бұрынғы замандағы бір түрлі етік, 2.аяқ киімнің өкшесі, 3.сауыт	Кебіс (каз), қаптама (каз),
狭	ұр (ғыб)		1.тар. қыспақ. 2.іші тар, 3. “狎” мен ұқсас	Қапүз (түр: таудың аралығы, сай, жылға), қапшағай (қыр: қысан, шатқал, сай), шап(каз), қапіркүн (сібе: қысан, тар), хав+цал (моң: қысан, шатқал)
医	к'і р (княб)		“篋”мен ұқсас	қобди (каз), қап (каз)
哈	Ф9р (ғыб)		Таудың кейпі, тау көкінісі, тау қапы	(Таудың) қалыбы, кейпі (каз)
洽	ұр (ғыб)	хаб	1.жайылу, басу, 2.кең таралу, жалпыласу, 3.жарасу, үндесу, тоғысу	Қаптау (каз)
恰	ұр (ғыб)		Ертедегі бір түрлі торғын бас киім	калпак(каз)
恰	кәр (гыб)		Қосылу, топталу, селбесу	Қабысу (каз), қауышу (каз)
恰	кар (габ)	хаб	Қын(пышақтың, қылыштың)	Қын,қынап (каз), қап (каз)
閣	кәр (гыб)		1.үлкен қақпаның жанындағы жан есік, 2. сарайдың жан есігі 3. уәзір сарайының қақпасы, 4. байырғы замандағы қонақжай, 5. орда,сарай	Қақпа(каз), қақпа (үйғ: есік, қақпа) қапі (түр:есік, қақпа)
峇	к'әр (кыб)		1. Таудың кейпі, тау көкінісі,тау қапы, 2. тау үңгірі	Таудың қалыбы, кейпі (каз)
袷	кәр (гыб)		1.күрме, 2. шапанның алдыңғы өңірі, 3. киімнің тігісі, 4. қадау	Қаптал шапан, қаптама, кебіс, калпақ, кептакия, көбе (каз).

Жоғардағы кестеде көрсетілгендер түркі тілдерімен мағыналық және дыбыстық жақтардан салыстыруға болатын «қап»-тардың бір бөлімі. Іс жүзінде мұндай қытай иероглифтерінің саны жүзден асады. Бұлардың біршама толық тізімдігі «Алыстағы ата мұра» атты монографияда баяндалған болатын ды [3]. Енді бір есекртер жайыт – қытай иероглифтерінің арғы ерте заманғы оқылуын қалпына келтіруде синологтар ара парық бар. Сондықтан біздің кестеде көрсеткен қытай иероглифтерінің арғы ерте заманғы оқылуының басқаша варианттарын да кездестіруге болады. Алайда бұлардағы парықтар тым алшақ емес. Мысалы, «қап», «каб», «гап», «габ», «кияп», «гияп», «кияб», «гияб», «кәп», «кып», «кіп», «ғап», «ғаб», «ғыб» сияқтылардың барлығынан «қап» түбірін тануға болады.

Тағы бір жағыдай, біз жоғарыда Хашимато сияқты ғалымдардың көзқарасына сай тым арғы заманда терістік қытайдағы Хуанхы өзені алабын алтай тілді халықтар, оңтүстік қытайдағы Чаң жияң өзені алабын тибет-бирма тілділер мекендеген, қытай тілі алтай тілдері мен тибет-бирма тілділерінің тоғысуынан қалыптасқан болуы мүмкін деген көзқарастардың туындағандығын айытқан болатынбыз. Ал, осының керісінше біз сөзге тиек еткен «қап»-ты өз ішіне алған мағыналық және дыбысталуы жағынан түркі тілдерімен салыстыруға болатын жақын сөздер дәл бүгінгі күнде қытай тілінің терістігіндегі емес, қайта шығыс-оңтүстігіндегі диялекттерінде бой көрсетеді. Бұның себебі, терістіктегі Хуанхы өзені алабында алғаш алтай тілдерімен тоғысуы барысында қалыптасқан баба қытай тілі оңтүстікке ауған тұрғындармен бірге оңтүстік қытайға жайылғаннан кейін, осы оңтүстік жерінде сол байырғы бітімін біршама жақсы сақтап қалған. Ал, терістіктегі қытай тілі кейін фонетикалық жақтан зор өзгеріске ұшыраған.

Жоғардағы кестеден мыналарды білуге болады:

Біріншіден, «қап» түркі тілдері мен қытай тіліне ортақ түркі тілі түбірі.

Екіншіден, түркі тілдері мен қытай тілінде мағыналық және дыбыстық жақтардан салыстыруға болатын «қап» түбірінің білдіретін мағынасы ең әуелі өсімдік пен жан-жануарлардың сыртындағы қабынан (сауытынан) басталған әрі осы ең әуелгі, ең басқы мағынасын бүтінге дейін сақтап келеді. Басқа араб, парсы, ағылшын т.б. тілдерде де мағыналық және дыбыстық жақтардан түркі тілдері мен қытай тіліндегіге жуық «қап»-тар болғанымен, алайда ол «қап»-тардың өсімдік пен жан-жануарлардың сыртындағы қабын білдіретін мағынасы жолықпайды. Бұдан бұл «қап»-тардың сол тілдерге түркі тілдерінен барғандығын білеміз.

Үшіншіден, түркі тілдері мен қытай тілдеріндегі ортақ түбір «қап» ең әуелі өсімдік пен жан-жануарлардың сыртындағы қабығын білдіргенімен, кейін мағыналық жақтан барынша кеңейіп, затты қоршайтын, орайтын, қаптайтын, жабатын, өз ішіне сиғызатын, қалқалайтын, буатын, жақындайтын, жабысатын, басатын, қысатын, аралығына алатын, затқа киілетін барлық нысаналарға

қаратылатын болған.

Кестеден түркі және қытай тілдеріндегі «қап» түбірінің мазмұндық жақтағы ұқсастықтарын төмендегі жақтардан байқауға болады:

Зат есімдер

1. Өсімдіктің сырытқы қабы;
2. Жан-жануарлардың сыртқы сауыты (тасбақаның сауыты, жұмырытқаның қабы т.б.);
3. Қол-аяқтағы тырнақ, мүйізгек сияқтылар;
4. Зат салатын ыдыс (қобди, қорап, қап, қалта, ішгап т.б.);
5. Ыдыс-аяқ;
6. Қақпа, есік, есіктің қанаты т.б.
7. Мал және адам қамайтын қапас;
8. Үңгір,
9. Киім-кешек (түрлі бас киім, аяқ киім, тон, шалбар, күрме сауыт, белбеу т.б.);
10. Түрлі қысқыш, қақпан т.б.;
11. Бір нәрсенің екі беті, екі бүйірі, екі жағы, айналасы;
12. Қабырға, қаптал, бет;
13. Қысаң, шатұал, сай, аңғар, жылға, беткей, таржер т.б.
14. Қабақ, жаға, жиек, ернеу;
15. Қақпақ, жабу, бүркеніш;
16. Кепе, күрке т.б.

Етістіктер:

1. Орау, бүркеу, қымтау; 2. Қысыу, қысып ұстау; 3. Жалғау, тұйықтау, қосу; 4. Қусыру, қаусыру; 5. Жақындау, жанасу, қауышу; 6. Қабысу, тиісу; 7. Бекіту, жабу (есік, қақпақ т.б.); 8. Бекіту, жабу (үстіне бірдеме жабу); 9. Басу, қаптау, жайылу, жамырау т.б.; 10. Тоғысу, араласу, бірілесі; 11. Басу, жаншу, сығу т.б.

Сын есімдер: Жақын (көңіл жақындығы), тар, қысаң, қыспақ, іш тарлық т.б.,

Фонетикалық жақтан «қап» түбірінің қазіргі қытай тілінің шығыс-оңтүстік диалекттерінде ішінара лап байырғы тұлғасы сақталғаннан басқа қытай тілінде негізінен өзгеріп болған. Біз «қап» түбірінің қытай тіліндегі байырғы бейнесін арғы және орта ерте заманғы дыбысталуларынан біле аламыз.

Ал, қазіргі түркі тілдерінде «қап» түбірінің қалпын ең жақсы сақтаған тілдің түрік тілі, «қап» түбірін ең көп түрлендірген тілдің қазақ тілі екендігі байқалады.

Түрік тілінде:

ҚарХік (қабық; шағын ыдыс)

Қар<sup>1</sup> (араның ұясы; қазан-ошак)

Кар<sup>2</sup> (бет бүркеніш)  
Карак (қақпақ; табақ)  
Карал (қоршау)  
Карата (есік жабу; киім)  
Каратақ (жабу, бекіту)  
Карап (жабулы)  
Карапса (қақпан, тұзақ)  
Карапик (тар, тұйық, бітеу)  
Кари (есік, қақпа)  
кар-касақ (ыдыс-аяқ, қазан-ошақ)  
Карапанмақ (жабу, бүркеу, қақпақтау)  
Кармақ (ұстау, ие болу)  
Карут (қаптал шапан)  
Кари, каруз (сай, қысаң, шатқал)

«Қап»-тың түркі тілдерінде фонетикалық құбылуға ең көп ұшырағаны қазақ тілінде сияқты:

Қап, қапас, қаптау, қаптал, қапшық, қапсыру т.б.  
Қабық, қабат, қабақ, қабырға, қабысу т.б.  
Қобди, қобы, қобыз т.б.  
Күпі, күп, күпті т.б.  
Кебіс, кебенек, кебін, кебеже, кебек т.б.  
Кепеш, кепе, кепте т.б.  
Көбе, көбік т.б.  
Күбі,  
Қауырсын (көн: қабырсын), қауын (қабын), қауыз (қабыз) т.б.  
Қалта, қалбыр, қалпақ т.б.  
Қамық, қамау (қапал), қамыт, қамтыу т.б.  
Қын, қынап, қына т.б.  
Қақпақ (қақпақ), қақпа (қапі), қақпан (қапқан) т.б.

«Қап»-тың түркі тілдеріндегі берілуін салыстыру арқылы қазақ тіліндегі «жап», «шат» сияқтылардың «қап»-тан келгендігін байқауға болады. Мысалы, ұйғур тіліндегі «шапак» -- қазақ тілінде «қабық», қазақ тіліндегі «шат» (шатқал) – түрік тілінде «қапұ», моңғұл тілінде «хавцал». Бұлардан «шап» «қап»тан келгенбе деген ой туады. Осы сияқты, шат, шатқал, шапан, шаптаулардағы «шап», жапсыру, жабысу, жабулардағы «жап» барлығы «қап»-тан келген деп межелей аламыз.

Жоғардағы кестеде берілген «қап»-тан туындаған қытай иероглифтерінің қазіргі қытай тіліндегі оқылуында буынның алды к, х, ш, ч, ж әріптерімен келеді. Ал, қазақ тілінде «қаб»-тан туған түбірлердің басқы дыбысы қ, к (күбі), ш (шат, шатқал), ж (жабу) т.б. түрлерде келеді.

Қортып келгенде, «қап» -- түркі тілі мен қытай тіліне ортақ түркі тілі



түбірі. Ол кейінгі мәдениет алмастыру барысында қытай тіліне түркі тілінен немесе түркі тіліне қытай тілінен барған емес, қайта қытай тілін қалыптастыруға қатынасқан баба түркі тілі түбірі. Бұдан да ғажайыбы баба түркі тілі мен баба қытай тіліне ортақ осы түбірдің араға мыңдаған жылдар салып, кейінгі мазмұндық жақтағы соншалық зор байыуында, екі басқа тіл жүйесіне тән деп қаралатын, екі мың жылға жуық қоян – қолтық араласпаған екі тілде ұқсас бір бағыт, бір үлгі, бір мазмұнда дамуы адамды қайран қалтырмай қалмайды. Бұл тілдер дамуының заңдылығында сирек жолығатын құбылыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жу Шуеюан. «Қытайдың терістігіндегі ұлттардың төркіні» (қытайша). Жуңхуа кітап мекемесі, 2002ж. Бейжин.:
2. Хашимато. «*Gengo ruikai shiri ron*». 1978ж, Токию. Қытайшасы 1985ж, Бейжин., 72-76 б.
3. Ясиын Құмарұлы: «Алыстағы ата мұра», ұлттар баспасы, 2003ж, 41-161 б.
4. Уан Юаншін: «Түркі тарихи тіл білімі» (қытайша), Орталық ұлттар университеті баспасы, 1995ж, Бейжин, 274-бет.

#### RESUME

**Kumaruly Y. (Urimshi)**

**“Kap” roots in the Turkic and Chinese languages**

The article deals with the connection of the ancient Turkic and Chinese languages and scientifically has proved that “kap” root word in Chinese are originated from the Turkic language.